

ҚАЗАҚСТАНДА  
РЕСЕЙЛІК  
ТЕЛЕАРНАЛАР  
СОТ ШЕШІМІМЕН  
ТОҚТАТЫЛАДЫ

2-бет



«Ақ жол»:  
ОҚУ ЖАБДЫҚТАРЫНЫҢ  
ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСІ  
АҚСАП ТҮР

4-бет



ӘКІМДЕР МҰЗҚАЛА  
САЛҒАНША МҰЗҚАЛА  
ЕКІБАСТУЗҒА КӨМЕК  
БЕРУІ КЕРЕК!

5-бет

# ҚАЗАҚ УНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№50 (1025) 12.12.2022 жыл



## ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕЙТІНІНДЕ РЕСЕЙ ЕЛШІСІНІҢ НЕ ШАРУАСЫ БАР?

АЛЫПТАРДЫҢ  
АЙТАЙЫН  
ЕЛГЕ СЫРЫН...

Садықбек Адамбековтің рухы күшті, көкірегі – шежіре, тұлғасы мығым. Мұндай, кісі таңқаларлық күш-қуат бір жапырақ сары шалдың бойында қайдан жүр? Оның үлгі-өнеге алған ұстаздары кім? Сәкеңнің жүрегін нұрландырып, жиырма бестегі жігіттей жарқылдатып тұратын қандай құдірет еді?!

8-9  
бет



Сыртқы істер министрлігі сырт қала бере ме тағы, бұған қандай қайрат көрсетеді? Біздің Ресейдегі кешегі-бүгінгісі бар, елшілеріміздің қайсысы болса да, «Бір миллионға жуық қазақ тұратын Ресейде неге бір қазақ мектебі жоқ?!» – деп айта ала ма? Тек Иманғали Тасмағамбетовтің ғана елші кезінде Ресейде қазақ тілінде сөйлегенін білеміз. Бұл елші А.Бородавкин 2018 жылы да: «Ел басшылығы орыс тілінде сөйлейді, тек өз араларында ғана емес, Қазақстан халқына үндеу жасаған кезде де», – деп, астамси жауап берген болатын «Россия 24» телеарнасына берген сұқбатында. Бір жағынан Ресей елшісі ащы шындықты, Қазақ билігінің Ресей тілінде сөйлейтінін ашық айтып отыр.

5  
бет



## ӨНДІРІСТЕГІ АПАТТЫ ТОҚТАТАТЫН КЕШЕНДІ ШАРАЛАР ҚАЖЕТ

Атышулы «АрселорМиттал Теміртау» алып кәсіпорнында да тағы да апат болды. Бұл жолы металлургиялық зауыттың кокс-химиялық өндірісінде орын алды. Салдарынан 1982 жылғы газ қызметкері қаза тауып, небары қырық жасында қыршын кетті. Қазір тағы да сол әдеттегідей арнайы комиссия құрылып, оқыс оқиғаның мән-жайы анықталып жатыр.

3  
бет

## ГОСУДАРСТВО, БИЗНЕС И НПО: КАК РЕШАТЬ ПРОБЛЕМЫ ОБЩЕСТВА

В 2018 году в СМИ появилась новость о том, что Казахстан занял 31 место по Индексу человеческого капитала среди 157 стран мира. Если кратко, то человеческий капитал – это интеллект, здоровье, знания, качественный и производственный труд, качество жизни.

10  
бет



Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ:

ХАЛЫҚ  
ҚАЛАУЛЫСЫ  
РЕТІНДЕ  
СҮЙІСПЕНШІЛІККЕ  
БӨЛЕНГЕН  
ҚАЗЫБЕК ИСА

16  
бет

## ЖАҢА ӘКІМДЕРГЕ ЖАУАПТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

Қазақстан Президентін сайлаудан соң біздегі заңдарға сәйкес үкімет мүшелері мен әкімдер қайтадан тағайындалатыны белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жанадан тағайындалған бірқатар облыс әкімдерін қабылдады.



тапсырмалардың орындалу барысы баяндалды.

Бұдан кейін Мемлекет басшысының қабылдауында Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Айдарбек Сапаров болды. Ол өңірді дамыту жоспары мен берілген тапсырмалардың орындалуы жөнінде мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Құмар Ақсақалов Қостанай облысының қазіргі әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері мен өңірдегі әлеуметтік-экономикалық өсім мен инвестиция тарту жөнінде баяндады. Сонымен қатар, әкім Президентке Қостанайда өтетін XIX

өңіраралық форумға дайындықтың басталғанын жеткізді.

Мемлекет басшысы жанадан тағайындалған облыстардың әкімдеріне өңірлерді дамыту және тұрғындардың әл-ауқатын арттыру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығына жан-жақты қолдау көрсету арқылы ауылдардың өркендеуін қамтамасыз етуді, инфрақұрылымдарды жаңғыртып, көлік-логистикалық ахуалды жақсартуды тапсырды. Сөйтіп, жаңа әкімдерге жауапты міндеттер жүктелді. Оны қалай атқаратынын уақыт көрсететін болады.

## ЗАҢ НОРМАЛАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Әйелдер алдағы бес жылда зейнетке 61 жастан бастап шығады. Сенаторлар зейнет жасын ұзартуды тоқтататын заңды қабылдап, президентке жолдады. Құжатқа сәйкес, келесі жылдан бастап әйелдердің зейнет жасын арттыру 2028 жылға дейін тоқтатылған.

Зейнет жасын төмендету мәселесі талайdan бері қоғамның қызу талқысынан түскен емес. Әйелдер қауымы 58 жастан бастап зейнетке шығуды талап етіп келгенімен, бұл тақырып төңірегіндегі таласқа уақытша нүкте қойылды. Сенаторлар мақұлдаған құжатқа сәйкес, әйелдердің зейнетке шығу жасы 2023 жылдан 2028 жылға дейін 61 жас болып бекітілді. Яғни бес жыл бойы не өспейді, не кемімейді. Үкімет әйелдердің зейнет жасын 58 жасқа төмендету мемлекет қазынасына едәуір салмақ түсіреді деп санайды. Енді 2028 жылға дейінгі мораторийді пайдаланып, зейнетақы жүйесін жетілдірумен айналыса жұмыс деп отыр жауапшылар.

Мемлекет басшысының биылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған жолдауын іске асыру үшін заң жобасы шенберінде бала күтіміне байланысты берілетін жәрдемақы бала бір жарым жасқа жеткенше төлеу де қарастырылған. Сонымен қатар зейнеткерлерге на енетін азаматтардың жасы

бұрынғыдай 29 емес, 35 жасқа дейін ұзартылған. Осылайша бір күнде жастардың саны елімізде алты миллионнан асып жығылды. Бұл не береді? Бізде 29-дан асқандар тұрғын үй бағдарламаларына қатыса алмайтын. Бұдан былай 35 жасқа дейінгілер мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік алады.

Заң жобасын талқылау кезінде депутаттар көші-кон саясатының тиімділігін қайта қарауды ұсынды. Елге шетелдік тұлғаларды жұмысқа да түйткілді тұстары бар екенін алға тартты. «Көрші елдердегі оқиғаларға байланысты, салыстырмалы түрде, тыныш қана Қазақстанға көшуге ниеттілер көп. Әсіресе тұрғылықты мәртебеге ие болғысы келетіндер басым. Бұл мәртебеге көптеген елдерде қол жеткізу қиын, тек инвестициясы барлар ғана осындай мүмкіндікке ие бола алады. Мәселен, Португалияда тұрақты тұруға арналған инвестиция шегі 45 миллион еуро, Кипрде 300 мың еуро, ал бізде министрлік тізіміндегі мамандық иесі болсаң жеткілікті» - деді депутат Қанатбек Сафин.

Сенаторлар Заң жобасын екінші оқылымда мақұлдады. Енді президент қол қойғаннан кейін, қабылданған өзгерістер жаңа жылдан бастап күшіне енеді. Ал жаңа нормалардың қалай, қандай дәйекпен жүзеге асатынын механизмді мойын бөлгеннен кейін жарияланады.

## ҚАЗАҚСТАНДА РЕСЕЙЛІК ТЕЛЕАРНАЛАР СОТ ШЕШІМІМЕН ТОҚТАТЫЛАДЫ

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі Қазақстанда ресейлік телеарналар соттың шешімімен бұғатталатынын айтты.



рымыздың бірі. Бірақ біз соттың үкімімен ғана шектей аламыз. Осыған

байланысты азаматтарымыздың шағымы мен сот үкімі болса, біз оны орындаймыз. Заң бұзу деректері тіркелсе, осы орайда соттың шешімі болса, онда бұл шешім орындалады. Қазір жалпы мониторинг жүргізіп отырмыз. Бұған қатысты көптеген мәселе Сыртқы істер министрлігінің құзыретінде», - деді Д. Қыдырәлі. Ведомство басшысы Қазақстан азаматтарының дұрыс ақпарат алуына ерекше назар аударылып отырғанына баса назар аударды.

## «ҚАЗМҰНАЙГАЗДЫҢ» ДА ҚАРЫЗЫ БАР ЕКЕН

«ҚазМұнайГаздың» басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев кәсіпорын акцияларының қайталама нарықта сатылуына бастау берген салтанатты шарада компанияның сыртқы қарыздары туралы мәлімет берді.



«ҚазМұнайГаздың» қарызы бар деген сөз біздің борышқа батқанымызды немесе қаржылық жағдайымыз тұрақсыз екенін білдірмейді», - деп түсіндірді компания басшысы. Оның айтуынша, компанияның құнды қағаздарын биржаға шығару IPO-ға дайындықтың бір бағыты болған.

«Біздің қарыздарымызға мемлекет ешқандай кепілдік бермейді. Осы жұмыстардың бәрі бірнеше жыл бұрын басталып кеткен. Оның бәрі бүгінгі IPO-ға дайындық болған еді. Қазіргі кезде компанияның

қарызы 9 млрд. доллардан асады. Кейінгі бірнеше жылда қарыз көлемін азайттық. Бір кездері ол 19 млрд. доллар болған. Яғни, біз өз қарызымызды басқарып отырмыз», - деді Мағзұм Мырзағалиев. Соңғы кезге дейін компания жұмысы көпшілікке құпиялау болып келгені жасырын емес. Ең тиімді салада болғандықтан жұрт бұл мекеменің төрт құбыласы тең деп ойлайтын. Сөйтсек, «ҚазМұнайГаздың» қарызы бар екен-ау...

## ҚАЗАҚ СПОРТШЫСЫ ФИНАЛҒА ШЫҚТЫ

Тунисте үстел теннисінен жасөспірімдер арасында өтіп жатқан әлем чемпионатында қазақстандық Алан Құрманғалиев финалға шықты.

Қазақстан үстел теннисі федерациясынан мәлім еткеніндей, қарағандылық А.Құрманғалиев мысырлық Хана Годамең бірге аралас жұпта жартылай финалда жапониялықтар Такуми Танимото – Рин Мендемен кездесті. Эльмира Алиева жаттықтыратын А.Құрманғалиев пен оның жұбы Х.Года (бапкері Исмаил Хишам) азулы қарсыластарын 3:2 есебімен тізе бүктірді.

Мамандардың сөзіне қарағанда, қазақстандық спортшы жартылай финалда өзін жақсы қырынан көрсете білді. Шабуылдап, қатты сокқылар жасап, жұптасын да қолдап отырды. Матчтан кейін Хана Годаның өзі де Аланның жеңіске жетелегенін атап айтты. Осылайша, Алан қазақстандық спортшылар арасынан үстел теннисінен алғаш рет әлем чемпионатының финалына шығып отыр. Финалда Алан мен Хана португалиялық Тьяго Абиодана – испаниялық Мария Берзосамен бас жүлдені сарапқа салады.



## «ТАЛЬГО» ПОЙЫЗДАРЫ НЕГЕ ТОҚТАДЫ?

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев «Тальго» пойызы рейстерінің тоқтауына қатысты пікір білдірді.

«Атап айтқанда, «Тальго» пойызы біздің талап бойынша қосымша техникалық байқаудан өтуі керек. Сонымен қатар, бұл пойыздың жылдамдығы басқа деңгейде болғандықтан, егжей-тегжейлі тексеруді қажет етеді. Егер ауа райына байланысты немесе кейбір техникалық кідірістерге байланысты «Тальго» белгіленген уақыт аралығында жүріп түзелмейтін болса және кешігіп жатса, онда жағдай түзелгенше тиісті шешімдер қабылданады. Менің ойымша, бұл мәселе бірнеше күнде шешіледі. Себебі, техникалық тексеру тез арада аяқталуы керек. Егер бәрі дұрыс болса, аталған пойыздардың қозғалысы қалпына келеді», - деді Қ. Өскенбаев Сенаттың жалпы отырысынан кейін тілшілер сауалына берген жауабында.

Жалпы осы «Тальго» пойыздарының қызметіне көпшілік кезінде наразылық білдірген болатын. Жолаушылар вагондары алыс жолдарға икемсіз, дәліздері мен купелері тар оған қоса жолсеріктерге арнайы бөлме қарастырылмағанына байланысты сын пікірлер айтылған-ды. Соған қарамастан «Тальго» пойызы қолданысқа енгізілген болатын.

## ЗАҢСЫЗ ҚОРШАЛҒАН ЖЕРЛЕР ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Ақтау мен Жаңаөзен қаласында 6 мыңнан астам жер заңсыз қоршалған. Бұл ғарыштық түсірілім кезінде белгілі болды.

Қазір жерді заңсыз қоршап алғандардың тізімі жасақталып, тексеру жұмыстары басталып кетті. Бүгінге дейін Ақтау қаласы бойынша 379 жерді, Жаңаөзенде 81 жерді тұрғындар өз атына рәсімдеп алған. «Қосымша алынған жер бойынша жергілікті өкілетті орган әкімнің атына арыз, өтініш жазу арқылы тұрақты комиссия негізінде қарап, талдау

қорытындысын беруі керек. Одан кейінгі орналастыру жұмыстарын сәйкестендіру құжаттары бойынша біздер рәсімдеп бере аламыз», - деді «Ғарыш сапары» космостық мониторинг алғаш рет осындай заңсыз қоршап алынған жерлер бойынша түсірілім жүргізді. Алдағы уақытта өңірдің 5 ауданы да ғарыштан түсірілімек.



«Ақ жол»:

# ОҚУ ЖАБДЫҚТАРЫНЫҢ ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСІ АҚСАП ТҰР

Оқу жабдықтарының отандық өндірісі ақсап тұр. «Ақ жол» партиясы фракциясының депутаттық сауалын Мақсат Раманқұлов жариялады.

## ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ Ә.СМАЙЫЛОВҚА

Ағымдағы жылдың 29 қараша-сындағы Үкімет отырысында Білім министрі Асхат Аймағанбетов «Жайлы мектептер» жобасын атап өтті, оның шеңберінде 2025 жылдың соңына дейін 800 мыңнан астам оқушы орнын құру, яғни ең заманауи құралдармен және жабдықтармен жабдықталған 500-ден астам жаңа мектеп салу жоспарланып отыр. Оның айтуынша, жоба өз ауқымы бойынша теңдесі жоқ және бюджеттен 2 триллион 600 млрд теңге көлемінде қаржыландырумен қамтамасыз етілген. Бұл, әрине, маңызды бастама. Алайда, бизнес-қоғамдастық «Ақ жол» демпартиясына жолдаған өтініштерінде еліміздегі мектептер құрылысының жағымсыз тәжірибесіне де назар аударады, онда барлық жабдықтар (яғни жиһаз, мүкәммал, оқу құралдары мен кабинеттер, ұйымдастыру техникасы, зертханалар, технологиялық жабдықтар) шетелдік жеткізушілерден сатып алынады. Мұның себебі – мұндай өнімнің отандық өндірісінің болмауы.

Айта кету керек, қазіргі заманғы жабдықтардың технологиялық жабдықтарының үлес салмағы ҚМЖ жалпы құнында 20-дан 25%-ға дейін.

Яғни, «Жайлы мектептер» жобасы бойынша осы мақсаттарға 600 млрд теңгеге дейін жұмсалатын болады, олар қолданыстағы тәсілдер кезінде Қазақстанның мемлекеттік есебінде шетелдік өндірушілерді қолдауға жұмсалады.

Сондай-ақ, тауарлардың импорты әрқашан валюта бағамына байланысты екенін ескеру қажет. Технологиялық жабдықтау әрдайым құрылыс жұмыстарының аяқталуына байланысты анықталғаннан (яғни мердігер болғандықтан) кейін шамамен бір жыл өткен соң, мердігерлер заңды түрде ЖСҚ түзетуді және бағаны қайта қарауды талап етеді.

Сонымен қатар, импорттық жабдықты жеткізу уақыты мен құнына әрдайым логистика, соның ішінде синхронды жеткізу, кедендік рәсімдеу, сақтау, монтаждау және әртүрлі елдерден ондаған

өндірушілерден жеткізілетін әртүрлі позициялардың орналасуы әсер етеді. Көрші елге қатысты сауда санкцияларының қазіргі жағдайын қосса, мұның бәрі жобаны жүзеге асыруға сөзсіз әсер етеді.

Кейіннен бұл факторларды мердігерлер жобалық позицияларды олардың арзан және тиімдірек аналогтарына асығыс қайта келісу үшін пайдаланатын болады, бұл кепілге қойылған жабдықты тиімдірек жабдыққа ауыстыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруға әкеледі.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, «Ақ жол» партиясы «Жайлы мектептер» технологиялық жабдықтарының негізгі позицияларын өз өндірісін алдын ала ұйымдастыруды ұсынады.

Шетелдік жабдықтарды сатып алуға жоспарланған қаражатты қазірдің өзінде қазақстандық кәсіпкерлерді тарта отырып, МЖӨ қағидастарында отандық өндірісті ұйымдастыруға бағыттауға болады.

Қаражатты пайдалануға заңды негіз «offtake» құрылатын өндірістерімен ыңғайлы мектептерді жарықтандыру үшін өнімді басымдықпен сатумен келісім-шарттар жасасу болуы мүмкін.

2,6 трлн теңгедегі жайлы



мектептердің алдын ала бюджетін ескере отырып, олардың 25%-ы 600 млрд теңгеден асады, тіпті оқу жабдықтарының жартысын өндірісті оқшаулау ұлттық экономикаға орасан зор соманы жіберуге, отандық кәсіпорындар құруға мүмкіндік береді (оның ішінде ұйымдастыру техникасын, интерактивті жабдықтарды, оқу зертханаларын және робототехника сыныптарын өндіру туралы айта-тын болсақ, жоғары технологиялық дәрежесі бар, қаптартехнологиялық гиялар, физика, химия, биология және т.б.), мындаған жаңа жұмыс орындарын қамтамасыз етеді.

Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің жеткіліксіздігі жағдайында бұл шара өндірістік ШОБ үшін нақты ынталандыру бола алады.

Бұдан басқа, бұл осындай жабдықты көршілес ЕАЭО

және Орталық Азия елдеріне экспорттауға сатуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, Ақ жол демократиялық партиясы «Жайлы мектептер» жобасын іске асыру шеңберінде жабдықтарды сатып алуға арналған қаражаттың кем дегенде жартысы – оқу жабдықтарының өзіндік өндірісін ұйымдастыруға және қазақстандық кәсіпорындардан, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктері, өнеркәсіпті дамыту қоры және басқа құралдар арқылы осындай өнімді сатып алуға бағытталуы тиіс деп көздеуді талап етеді.

Құрметпен,  
«Ақ жол» фракциясының  
депутаттары

«Ақ жол» демократиялық  
партиясының баспасөз қызметі

# ТӨЛЕМ ТӘРТІБІНДЕГІ ТҮСІНБЕУШІЛІК КӘСІПКЕРЛЕРДІ ТҮҢІЛДІРУДЕ

Төлем тәртібіндегі түсінбеушілік кәсіпкерлерді түңілдіруде. «Ақ жол» демпартиясы фракциясының депутаттық сауалын Дания Еспаева жариялады.

## ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Е. ЖАМАУБАЕВҚА

### ҚР БАС ПРОКУРОРЫ Б.АСЫЛОВҚА

«Ақ жол» партиясына әртүрлі өңірлерден (Шымкент, Қызылорда және т.б.) кәсіпкерлердің мемлекеттік кірістер органдары тарапынан олардың заңды құқықтарын бұзу фактілері бойынша өтініштері келіп тұр. Бұл өңірлерде ШОБ субъектілері «ҚР ӘҚБТК» 266-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке белсенді тартыла бастады. Бұл бап заңды тұлғалар арасында 1000 АЕК-тен асатын сомасы бар мәмілелер бойынша қолма-қол ақшамен төлегені үшін салықтарды және айыппұлдарды қайта өндіріп алуды көздейді. Тек Шымкенттің өзінде мұндай істер 242 бизнес субъектісіне қатысты қозғалған. Шамамен бағалаулар бойынша, Мемлекеттік кірістер органдарынан осындай қысымға ұшыраған кәсіпкерлердің жалпы саны бір жарым мыңға жуық немесе осы қаладағы кәсіпкерліктің әрбір төртінші субъектісін құрайды. Бизнес өкілдері салық салушылардың әрекетімен теріспейді. «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңға сәйкес, сомасы 1000 АЕК-тен асатын мәміле бойынша төлемдерді ҚҚС төлеуші ретінде есепте тұрған ЖК немесе басқа ЖК немесе заңды тұлғаның пайдасына заңды тұлғалар тек қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

Сол заңға сәйкес, 1000 АЕК-тен аз мәмілелер (бүгінде бұл шамамен 3 млн. тг) қолма-қол төлеу арқылы жасалуы мүмкін. Әкімшілік істер қозғалған кәсіпкерлер заңды тұлғалар арасында қолма-қол ақшамен кейбір есеп айырысуларды жүзеге асырды,



бірақ мұндай мәмілелердің сомасы 1000 АЕК-тен аспайды және бұл ретте әрбір мәмілеге жеке шарттар жасалды. Осылайша, заң бұзылған жоқ.

Алайда, қазір салық төлеушілер тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің түрлілігіне қарамастан және оларды жасасу кезеңіне қарамастан, соңғы 3 жылда бір тұлғалар арасында жасалған мәмілелерді кәсіпкерлер салықтардан жалғарту мақсатында жасанды түрде бөлшектелген «бір мәміле» деп санайтын заңсыз тәсілді ойлап тапты.

Бүгінде өмір сүріп жатқан шағын және орта бизнес үшін – мұндай «көреген қулық» – бір мәміле үш жылға созылуы, ШОБ-та ешкім тауардың жеткізілуін, оның үстіне оның төлемін 3 жыл күтпейді. Мемлекеттік кірістер органдарының дәлелдері аудитсіз, тергеу органдарының қорытындысына тек олардың болжамдарына негізделген.

Енді заңды түрде 1000 АЕК-ке дейін қолма-қол ақша алынған кәсіпорындар бұрын төленген салықтар мен айыппұлдар қосылады, ал біз кәсіпорынның жылдық айналымының 37%-на дейін болатын кейбір жағдайлардағы күрделі сомалар туралы

айтып отырмыз. Шын мәнінде, бұл адал бизнеске қосарланған салық салу туралы. Көптеген шағын және орта бизнес үшін бұл өлім жазасымен тең.

«Ақ жол» фракциясы салық органдары заңдарды тағы да өзінше түсіндіреді деп санайды. «Төлемдер және төлем жүйелері» Заңында мәміле бойынша төлемдер туралы айтылған. «Мәміле» сөзі жекеше түрде қолданылады, яғни 1000 АЕК шегі бір мәміле бойынша төлемге қолданылады. Бұл ретте заңнамада белгілі бір салық кезеңі үшін мәмілелер саны бойынша шектеулер жоқ.

Бұдан басқа, Ұлттық Банк өзінің ресми түсіндірмесінде ҚҚС төлеуші ретінде есепте тұрған заңды тұлғам немесе ЖК-мен бірлесіп бір шарт (мәміле) шеңберіндегі жалпы соманы да көрсетеді.

Мемлекеттік кірістер органдарының бір мәміле шеңберіндегі бөлшек төлемдер туралы дәлелдері негізсіз болып табылады, өйткені төлемдер бірқатар мәмілелер бойынша жасалған, бұл ретте заңнамада «бөлшек төлемдер» ұғымы жоқ. Мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды адамдарының өкілеттіктерін асыра пайдалануы және іс бойынша шешім шығару кезінде тиісті тәсілдің болмауы байқалады.

Сонымен қатар, істерді қарау кезінде Мемлекеттік кірістер органдары өрескел процесік бұзушылықтарға жол береді.

Мәселен, кейбір қаулылар салық төлеушілердің қатысуынсыз шығарылды және егер істі қарау кезінде шарттар талап етілмесе және зерделенбесе және түсініктемелер алынбаса, салық органы құқық бұзушылық жасау фактісін және кәсіпкердің кінәсі анықтағаны түсініксіз. Бұл ретте салық салушылар мәмілелер бір сұрақ бойынша жасалған деп мәлімдейді.

Мемлекеттік кірістер органдары материалдарды және шарттарды зерделемей, ЭШФ деректерін талдау бойынша камералдық бақылау негізінде әкімшілік істерді қозғайды. Бұл ретте мемлекеттік кірістер органдары қызметкерінің түрлі тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бір мәмілемен сатып алу жөніндегі кейбір тұлғалар арасындағы мәмілені айқындау жөніндегі субъективті пікірі нормативтік-құқықтық актілерден жоғары қойылады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты «Ақ жол» фракциясы келесіні талап етеді:

1. ҚР «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңының 25-бабының, ӘҚБТК 266-бабының нормаларын заңды түсіндіруді және қолдануды қамтамасыз ету, оны түсіндіруді бұрмалау мүмкіндігін болдырмауды.

2. Көрсетілген өңірлердегі мемлекеттік кірістер департаменттерінің іс-қимылдарының заңдылығын тексеруді.

3. Заңнаманы бұзушылықтар расталған жағдайда, Мемлекеттік кірістер органдары - прокурорлық ден қою шараларын қабылдауды.

Құрметпен, «Ақ жол»  
фракциясының депутаттары

«Ақ жол» демократиялық  
партиясының баспасөз қызметі

Конституциядағы 7-баптың 2-тармағын алып тастауды талап еткен депутаттық сауалымыз өте өзекті екенін Ресей елшісі де көше «Россия сегодня» агентігіне берген сұқбатында тіл туралы өрескел сөзімен дәлелдеп беріпті!.. Ресейдің Қазақстандағы өкілетті елшісі Алексей Бородавкин: «Әрбір қазақстандық екі аяқта нық тұруы тиіс: бірі мемлекеттік тіл – қазақ тілі, екіншісі, Қазақстан Конституциясында көрсетілгендей ресми тіл – орыс тілі. Бұл екі аяқтың екеуі де бірдей болған жағдайда ғана алға қадам баса алатынын ескеру керек» – дейді.



Бір тіл болғанда ғана – бір ел, бір мұдде болатынын білу үшін аса көрегендіктің қажеті жоқ енді. Басқаны қайдам, Ұлттық идеологияда босқа өткен бір дәуір – отыз жылғы қылмысқа тең қателігіміз көрсетіп берген жоқ па бәрің!

Мемлекеттік тілді міндеттеу – Мемлекеттің міндеті!

Сондықтан да биыл 27 сәуірде Кенес одағы империясының 70 жылына айтып отырғанда, Тәуелсіздік алған 30 жылда, барлығы 100 жылда тұңғыш рет парламентте Конституциядағы тіл туралы 7 бапты өзгертіп, тек Қазақ тіліне ғана жекедара Мемлекеттік статус беруді және Мемлекеттік тілді міндеттейтін заң қабылдауды, талап еткен «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалын жариялағанбыз. Осы депутаттық сауалда «Ақ жол» талай-дан көтеріп келе жатқан Қазақстан Азаматтығын алу үшін мемлекеттік тілден емтихан тапсыруды тағы да ұсынғанбыз. Бұл мәселе шешіліп жатқанын жақында Үкімет басшысы Ә.Смайыловтың өзі мәлімдеді. Ал Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау мәселесі әлі созылып келе жатыр.

Мемлекеттік тіл туралы заңның Концепциясы жобасын биыл 31 тамызда Тіл комитеті қарайтын Ғылым және жоғары білім министрлігіне өткізгенбіз. Соған министрлік қорытынды жасауы керек еді, үш айдан бері әлі жауап берген жоқ.

Осы Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдап, Конституцияның тіл туралы бабын өзгертуді талап еткен депутаттық сауалымызды Мәжілісте 41 депутат қолдағанын айта кетуге тиіспіз.

Ал бұл депутаттық сауалымызды белгілі зиялылар бастаған қалың ел фейсбукта «Мен конституциядан 7 баптың 2 тармағын алып тастауды талап етемін!»-деп халықтық челендж жасап қолдады. Еговтағы петицияда қолдаушылар саны жарты миллионнан – 500 мыңнан асып кетті! Халық арасында қоғамдық резонанс тудырды!

2020 жылы «Қазақ үні» ұлттық порталындағы Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды, конституциядан 7 баптың 2 тармағын алып тастауды талап етіп, ҚР Президентіне жазылған Ашық хатқа бір жарым айда өлеңге әйгілі Ұлт зиялылары бастаған 126 мың адам қол қойды. Бұл қолдау қазір 130 мыңға жетті.

Артында миллиондар тұрған, Мемлекеттік тіл туралы заңды талап еткен Ашық хатқа еститін мемлекетіміз Әділетті Қазақстанда әділетті қарайды деп білеміз.

Бүгінгі күннің ең басты мәселесі – Мемлекеттік тіл мәселесі!

Тіл тағдыры шешілмей, Ел тағдыры шешілмейді!

Қазыбек ИСА

# ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕЙТІНІНДЕ РЕСЕЙ ЕЛШІСІНІҢ НЕ ШАРУАСЫ БАР?

Өзге елге не істеуді үйретіп, өзеуреп, «скі тілді білген екі аяғымен нық тұрып, алға қадам баса алады» деп пәлсапа соғып отырған елшіге өз сөзінен ұстап алып, ескертуіміз бар біздің де! Сонда тек Ресей тілін ғана білетін біздің елдегі орыс этностары 31 жылдан бері қашанғы бір аяғымен тұрады? Қашан алға басады? Өзге тілде ғана - яғни бір аяғымен ғана узақ тұрған адам құлайтынын ұмытпау керек, елші Бородавкин мырза! Айтпақшы, сіз біздің елде елші болғаныңызға биыл бес жыл болды, өзіңіз әлі бір аяқпен жүрсіз ғой, қашан қазақ тілін біліп, нық тұрасыз?

Тәуелсіз Қазақ Елі азаматтарының қай тілде сөйлеуін нұсқап көрсететіндей билікті Ресей елшісіне кім беріп отыр?

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕУІ КЕРЕКТІГІНДЕ РЕСЕЙ ЕЛШІСІНІҢ НЕ ШАРУАСЫ БАР?

Сыртқы істер министрлігі сырт қала бере ме тағы, бұған қандай қайрат көрсетеді?

Біздің Ресейдегі кешегі-бүгінгісі бар, елшілеріміздің қайсысы болса да, «Бір миллионға жуық қазақ тұратын Ресейде неге бір қазақ мектебі жоқ?!» – деп айта ала ма? Тек Иманғали Таспағамбетовтің ғана елші кезінде Ресейде қазақ тілінде сөйлегенін білеміз.

Бұл елші А.Бородавкин 2018

жылы да: «Ел басшылығы орыс тілінде сөйлейді, тек өз араларында ғана емес, Қазақстан халқына үндеу жасаған кезде де», – деп, астамси жауап берген болатын «Россия 24» телеарнасына берген сұқбатында. Бір жағынан Ресей елшісі ащы шындықты, Қазақ билігінің Ресей тілінде сөйлейтінін ашық айтып отыр.

Жалпы, Ресей елшісінің бұдан төрт жыл бұрынғы да, кешегі де сөзіне қарасаң, Тәуелсіздік алғанына 31 жыл толып отырған Қазақстан әлі Ресейдің губерниясы секілді...

Бұл Бородавкин мырза Ресей елшісі болып Қазақстанға келгелі бері аузы бір тынбай, тәуелсіз елдің ішкі ісіне араласуда.

Биылғы жылдың басында да тағы да осылай Қазақстандағы тіл мәселесіне нұсқау жасағысы келген заңсыз әрекетіне де заңды тосқауыл жасап тауыр берген едік «Қазақ үні» ұлттық порталында. «Қайталау - оқу анасы» дегендей, елшіге тағы да қайталап өтейік.

-Қазақстанда бәрі орысша сөйлейді. Тіпті, көбі жаңылмай және грамматикалық қателерсіз колданып жүр. Орыс тілінің ресми мұрабабасы Қазақ тілінің конституциясында бекітілген. Бұған ешкім өзгеріс енгізіп жатқан жоқ. Оның үстіне орыс тілін білу Қазақстанда артықшылық ретінде қарастырылады. Мысалы, орыс тілін білмейтіндерінің білікті

жұмысқа тұруы қиын, – дейді Ресейдің Қазақстандағы елшісі А.Н.Бородавкин «Независимая газета» басылымына арнайы сұқбат бергенде.

Иә, Ресей елшісі шынын айтар болсақ, ащы шындықты ашып айтып, еліміздегі қазақ тілінің жағдайы әлі реанимациядан шыға алмай жатқанын әлемге әшкерелеп берді.

1.Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл болса да, еліміздегі жағдай Кенес империясының отары кезіндегімізден түк те өзгермегені, қайта тіл мәселесінде кері кеткенін;

2.Әлемдегі әрбір отарлық құлдықтан құтылған елдер жасайтын отарсыздану, ұлттық идеологияны ұстану жолында біздің елде 30 жылда түк те істелмегенін;

3.Біздің биліктің 30 жыл бойы «Тәуелсіз ел ретінде ұлттық мүддемізді қорғауда, мемлекеттік тілді дамытуда пәрін қатырып жаттырмай» деп 100 пайыз өтірік айтып келгенін әшкерелеп берді.

Ресей елшісінің Ресей үшін әрине, мақтаныш ретінде, біздің орысқұл билік пен орысқұл интеллигенция үшін әлі күнге жетістік ретінде саналған бұл орыс тілінің артықшылықтары – Тәуелсіз ел үшін масқара кемшіліктер!

Негізі Тәуелсіздіктің 30 жылдығында, бізде орыс тілін білу билік лауазымдары мен мемлекеттік қызметтерге тұру үшін артықшылықтар болмауы тиіс еді.

Бізде 30 жылда өсіп-өнген, өмірге келген жастар бір кезде өзін отарлап алған елдің тілін – Ресей тілін білмеуі тиіс-тұғын...

Міне, сонда «Шын Тәуелсіздік алғанбыз» деп мақтануға болады. Шын тәуелсіздік алған туыс елдер Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркіменстан, анау Балтық бойы елдері Литва, Латыш, Эстония, Кап тауындағы Грузия, Армения елдерінде, Украина болса да, солай, оларда мемлекеттік тіл мен ағылшын тілін біледі бәрі.

Бізде де мемлекеттік тіл – қазақ тілі мен ағылшын тілін білуге тиіспіз. Бір кездегі отарлаушы ел Ресей тілін білуге тиісті емеспіз. Орыс тілін мемлекет қаржысына, балабақшалар мен мектептерде, ЖОО-ларда міндетті оқытумен емес, әркім өз қалауынша, өз қаржысына үйренуі керек!

Яғни, «Қазақстанда бәрі орысша сөйлейді» деген сөз – «Қазақ Елі Рухани Тәуелсіздік алмаған, бәрі тек қағаз жүзінде ғана» деген сөз!

Отыз жыл бойы зарлап келе жатқан зарымыз, енді кеше ғана Қаңтар қырғынында көшеге пұл үшін ғана емес, тіл үшін де шыққан қазақ жастарының ереуілінен кейін туған «Әділетті Қазақстан» анық, шындығында да жана дәуірге аяқ басу болса, іс жүзіне асуы керек!

«Жана Қазақстан» ескі Қазақстанның саяси һәм рухани қателігін қайталамауы үшін, тек Мемлекеттік тілде сөйлеуі тиіс!

## ӘКІМДЕР МҰЗҚАЛА САЛҒАНША МҰЗҚАЛА ЕКІБАСТҰЗҒА КӨМЕК БЕРУІ КЕРЕК!

«Жаңа жыл» деп мұзқала салғыш әкімдер, оның орнына онсыз да мұзқалаға айнап кеткен Екібастұзға көмек беруі керек!

Бұл сөз ең алдымен Тәуелсіздік күнін аттап өтіп, жаңа жыл мерекесіне бір ай бұрын кіріскен, биылдың өзінде бюджеттен мұз қалашық салып, шырша орнатуға 44,1 миллион теңге бөлген Қостанай қаласы әкімі Марат Жүндібаевқа және басқа қалалар әкімдеріне арналады.

Бұл туралы ҚазАқпарат агентігінің сауалына жауап берген қала әкімінің баспасөз хатшысы Мәжит Шүленов те мәлім еткен.

Қостанай қаласы әкімі Марат Жүндібаевтың «Астана» телеарнасына айтуы ақшасы көп емес екен, әлі жеткіліксіз көрінеді...

Бұдан бөлек Қостанайдағы 2 шағын ауданда жаңа жылдық шырша мен сырғанақтар бой көтереді екен.

Қостанай қаласы әкімдігінің айтуынша, 2019 жылы да жанажылдық безендіруге 44 млн. теңге жұмсалған.

Ал кезінде Жылу энергия орталықтарын тиынға алып, доллармен миллионерлер аталып отырған олигарх Клебановтар мен тілі дұрыс болмағасын тірлігі дұрыс

болмайтын облыс, қала басшыларының кесірінен қақпаң аяғыздылуына қалған Екібастұз қаласын түрғындары өз үйлерінен бас сауғалап безіп кетті...

Жылыну үшін ыстық су құйған бөтелкелерді құшақтап ұйықтауға дейін бару не деген масқарашылық!!

Ал осының бәріне тікелей кінәлі, жылуға жауап беретін Павлодар облысы әкімінің бірінші орынбасары Олег Круктын облыс әкімі міндетін атқарушы болғаны аязда жылу іздеген жұртты одан сайын қалтыратып жіберді... Әзірше, «міндетін атқарушы» деген уақытша анықтауыштан

жұбаныш тауып, болашақта халықпен халықтың тілінде сөйлесе алатын іскер әкімнің үмітті болып отыр...

Бір топ парламент депутаты Екібастұз қаласына барып, апатты жағдайды оңалту үшін үлестерін қосып қайтты.

Қымбатшылықтан қысылып, айлығы шайлығына жетпей, нанын зорға тауып отырған халықтың қыруар қаржысын күн жылығанда еріп кетер жасанды «құрылыспен» суға ағызып жібергенше, жұртқа пайдалы іске жұмсау керек, әкім мырзалар!

Қазыбек ИСА



Қырғыз бен қазақ қашан да құда-жегжат. Алыс-берістері бар. Қуаныштары мен қайғылары да ортақ. Сондықтан болар бірімен-бірі тонның ішкі бауындай араласып жатады. Қырғыздың Қарабалтасының Сосновка айылынан қарындасымыз Сарахан мен күйеу бала Болат телесфон шалды. «Сіздердің ашымыз немере қызымыз Маликаның тушоо тойына шақырамыз. Біздің той қазақтарға қарағанда өзгеше болады келсеңіздер» – дегенді айтып, шақыру билеттерін де жіберіпті.

Баруға тура келді. Қырғыздар кішкене балаларының тұсаукесер тойын қалай жасайды екен, оның үстіне бұдан үш жыл бұрынғы әлемдік кесепат ауруында бара алмай қалған шаруа барын да ескеріп, жолға шықтық. Ертеңгі сағат жеті жарымда Қордайдағы шекара кеден бекетіне жеткенімізде көліктердің

екі жағында жүк машиналардан көмірді қолмен түсіріп жатқандарды көрсек, екінші жағында машинаға көмірді қолымен тиіп жатқандары да кездесті. Мұны көріп, көршілеріміздің тұрмыстары қиындау екен деп алға жылжыдық. Сондай-ақ жолдың екі шетінде он литрлік жабық пластмасса ыдыс-



сы едәуір уақытқа созылып, кешкі бестерде мейрамхананың төрт жүз қонағына жайылған дастарханына кірді. Той залы заман талабына сай үлкен экрандар ілінсе, музыкалық сахна да барлығына көрінетіндей ойластырылған. Дастархан мәзірі де керемет. Тойды Болат пен Сарахан немересі Малика көтеріп, келін баласы және екі ұлымен ортаға шыққанда от шашу шашылып, дүйім ел құрметпен қарсы алды. Мұндағы бір ерекшелігі – аталы-балалы, немерелілер ұлттық ақ қалпағымен шыққаны өмірлерінің жалғасып жатқан жарасымды тіршіліктерін көрсетсе, тойдағы ер адамдардың ақ қалпақтары қырғыз екенін айғақтап тұрғандығы сезілді.

Тойға келген көпшілікті асаба: «Бәріміз сыртқа шығайық, Маликаның тұсаукесеріне!» – деп, іштегілерді сыртқа шақырды. Көпшілік мейрамхананың батыс жағындағы көшеге шыққанда «екі жаққа қарай тұрыңыздар, қазір кішке қызымыздың тұсаукесерін бастаймыз» деп жар салды. Тойға келгендер екіге бөлінгенде Болат пен Сарахан әдемі киінген кішкентай Малика немересін аяғына ала жібімен көтеріп, келін баласы мен үйелмелі-сүйелмелі ақ қалпағы бар сегіз бен он жастағы екі ұлдарымен ортаға шықты. Жанадан жүре бастаған баланың тұсау кесерін алдымен кішкене балалар мен қыздар, ересектері және жігіттер мен қыздар, үлкендер де жаяу жарысқа түсіп, бақтарын сынап кескенін көрдік. Жаяу жарыстың шарты бойынша кішкентайлар 50 метр аралығында жүгірсе, ересек балалар – 100, одан үлкендер 150 метрді бағындыратын көрінеді. Жарысқа қатысқандардың барлығы спорттық киімдер киіп келгенді.

Бірінші болып, ең кішкентайлар арасында 50 метрден жарысқа бес-алты-жеті жастағы балалардың оншақтысы шықты. Сол баланың ішінде сөреге бірінші болып, ұзын бойлы, сырақты бала алдына жан салмай келді. Бұдан кейін іркес-тіркес болған балалар да көп. Жарыс төрешісі мәреге бірінші болып келген әлі баланың қолынан жетектеп келіп, аяғындағы ала жібінен Маликаның аяғындағы ала жібінен пышақпен кескізді. Оған той иелерінің сыйлығын табыстады. Бұдан кейін 2-5 орынға ие болған балаларға түрлі ойыншықтармен марапатап жатты. Екінші кезекте осындай жастағы кішкене қыздар арасында да жарыс өтіп, олар да сыйлық үшін бар күштерін салып жарысты. Ересектер мен үлкендер және қыз-келіншектер, жасы келген сақа жігіттер мен келіншектер де 100-150 метр аралықта жігірді. Жарысқа қатысқандардың арасында алдыңғы бес орынға ие болғандар түрлі сыйлықтардан құралмады.

Маликаның тұсаукесер жары-



қойды. Бұдан кейін даяшылар қырғызша үгітіліп тұраған кеспелі екі табақты қоса алып келді. Қырғызша үгітілген ет дастархан басындағыларға арналса, кесек-кесек етті әркім өзінің жолы бойынша бөліп алып кетуге арналған екен. Сол үшін даяшылар алдына ала пакет таратқаны белгілі болды. Ол пакеттің ішінде шағын қалталар да салыныпты. Біздегідей дастархан басында абыр-дабыр, «пакет, пакет» деп жатқан қонақтарды көрмедік. Яғни, мейрамхана ұжымының жұмысы өйте-өйтегі түрде болса, той иелерінен де тойлар біздің көңілінен шықты.

Бұл тойдан көп нәрсе түйіп қайттық. Тойда ұлттық ерекшелік, ұлтқа тән өзгешелік, рухы асқақтап тұрғаны сезілді. Оны біз қырғыздардың баласынан бастап, үлкендері киген ақ қалпақтарынан көрдік.

# Маликаның ТУШОО ТОЙЫ



тардың қатар-қатар қойылған орындарды да көрдік. Сөйтсек, ол біздің жақтан алып өткен бензинді қырғыздар осылай саудалайтын орындар екен. Қырғызда жанармай бағасы бізден қымбаттығын жол-жөнекей байқадық. Жүріп өткен ауылдардың аттарын да орысша. Тіптен, шекарадан өткенде «Ленин районы» деген жазуды да оқыдық. Жолдағы елді мекендердің аттары «Степной», «Луч», енді бірі «Фрунзе» деген ауылдарды да басып өттік. Бішкек қаласын айналып өтетін Қарабалта жолына түскенімізде ескірген жолдың азабынан құтылып, үлкен даңғылға іліктік. Бұл жолды бұдан үш жыл бұрын Қытай компаниялары жасап жатқанын көргенбіз. Жол бітіп, жақсы жасалыпты. Мұндағы ауылдарда аз да болса жана құрылыстардың нысандары бой көтере бастаған, бірақ көп емес. Тіптен, бұрын өзіміз көрген кеңестік атау жоғала қоймаған бір ауылға ілікенімізде «Мәскеу районы» деген жазуды көзіміз шалды. Сонда барып, Қарабалтаға жақын қалғанымыз еске түсті. Ауылда сол жылы Лениннің қолын созып тұрған еңселі ескерткішін көргенбіз. Сол еңселі ескерткіш әлі тұр. Айналасы таза, абаттандырылып калпын сақтаған. Өз тәуелсіздігін алғанына отыз жыл болғанымен, қырғыз елі кеңестің Лениндей көсеміне тиіспегеніне қайран қалдық. Көп ұзамай, көше бойына қарап келе жатып, біраз жер өткенде тағы да бір Лениннің қыстық киімімен тұрған екінші ескерткіші көзімізге түсті. Бұл ескерткіш те жақсы сақталыпты. Тұрған жері де көрнекі. Жол-жөнекей ауылды тамашалап, Қарабалтаға жетіп, той жасайтын Сарахан қарындасымыз бен күйеу баламыз Болаттың Сосновка ауылына бет алдық. Қарабалтадан оңтүстік қарғыз Алатауына баратын Сосновка ауылын басып өтіп, Тәжікстанға асады. Екі елді байланыстырған жолда көлік те көп. Сапалы жолға бейне бақылау қойылған екен. Себебі, жол шетінде азын-аулақ ауыл да кездеседі.

Шекарадан екі сағат жүріп той жасайтын Болаттың үйіне де жеттік. Есік алды тойдың абыр-дабырымен айналысқан қырғыз бауырларымыз бізді көргенде «Қазақстаннан бау-

ырларым келді!» деп қарындасымыз бәйек болса, Болат та «қайын жұрт» деп құшағын ашты. Көрші-қоландары да қуанып жатыр. Үйдің ауласы кең болғандықтан, тойға деп үш үлкен тай қазанда жылқы етінің қайнап жатқанының үстінен түстік. Буы бұрқыраған қазанның басы-қасында бір адам жүр. Ол бар шаруаны өзі ғана тындырып жүрген тәртізді. Оны сөзге тарттық.

– Мына қазандардың сыйымдылығы қанша?  
– Байеке 250 литрлік, – деді.  
– Сонда бір жылқының еті ме?  
– Жоғ-а, бір жылқы сойып, ол жетпейді деген соң жарым жылқының етін базардан алдық және қазыны да, – деді қазанның астына отын салып жатып. – Ана жақтағы 80 литрлік екі қазанда ет пісіп жатыр, – деді.

Қазан-қазан етті көргенде бір жасқа келген Болаттың немере қызының тұсаукесер тойына аз адам шақырылмаған-ау деп ой түйдік. Біз жақта мұндай қазандардың басында бес-алты жігіт бірі отқа жасаса, бірі етке қарап, азын-аулақ ошақ басында онаша бастанғы жасап жатушы еді. Мұнда ондай әрекет байқалмайды. Тек бір жігіт бәрін өзі жөндеп, піскен етті текештерге салып жатқанда өзіміз теміңдін екінші күйеу бала келді.

– Сендерде қазанға бір-ақ адам қарай ма? – дегенімде:  
– Бұл жігіт бір өзі жылқы сойып, осындай кәсіппен айналысады. Бәрін өзі жөндеп реттейді, кәсібі – сол, – деді.

– Еттерің шақырылған қонақтарға көп емес пе?  
– Жоғ-а, бәрі есептелген. Оны да осы жігіт жөндейді.  
– Ал қазандағы сорпасын не істейсіңдер?  
– Оның біразын пайдаланады. Аз қамыр мен ет салып, дастарханда отырғандарға қояды, – деп ол қазан басындағы жасыл көмегісті.

Қазан басындағы жеті сорпасынан суыған жылқының табан шыққан қабырларын арнайы электр құрғымен бір өлшеммен бөліп, тегештерге салды. Басқа да еттерді де реттеп, той дастарханына әзірлеумен айналысып кетті.

Той Қарабалтаның қақ жарып өтетін үлкен жолдың бойындағы «Бак сарай» мейрамханасында түстен кейін сағат үште басталды. Мейрамханадағы жиылған елдің







# ГОСУДАРСТВО, БИЗНЕС И НПО: КАК РЕШАТЬ ПРОБЛЕМЫ ОБЩЕСТВА

**В 2018 году в СМИ появилась новость о том, что Казахстан занял 31 место по Индексу человеческого капитала среди 157 стран мира. Если кратко, то человеческий капитал – это интеллект, здоровье, знания, качественный труд, качество жизни.**

## В РК ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ НЕ ВОСТРЕБОВАН?

Трудно судить об объективности этого показателя, но, к примеру, в 2017 году Казахстан занял 35-е место в мире по индексу образования. Уровень грамотности казахстанцев сейчас составляет 99,8%. По этому показателю мы занимаем 18-ое место среди 184 стран мира и 1-ое место в Азии. В рейтинге глобальной конкурентоспособности в 2019 году Казахстан занял 55 место среди 140 стран.

Следует отметить, что если в 2008 году Казахстан находился в группе стран со средним уровнем развития человеческого потенциала, то с 2009 года Казахстан перешел в группу с высоким уровнем развития человеческого потенциала, успешно поддерживая свои позиции и после 2014 года. Эксперты ПРООН отмечают, что Казахстан демонстрирует один из самых высоких показателей роста ИЧР в регионе – в среднем на 1,1 процента за последние 10 лет.

Национальная конкурентоспособность и накопление конкурентоспособных преимуществ – ключевой вопрос для развития любой страны. Они являются основополагающей объективной мерой уровня качества жизни и благосостояния нации, которые, в свою очередь, оказывают существенное влияние на имидж бренда Казахстан. Человеческий капитал является одним из основных факторов повышения конкурентоспособности нашей страны. Недаром казахстанцы нередко имеют успех за рубежом как специалисты.

Казалось бы, имея вышеуказанные данные, интеллектуальный потенциал, несметные богатства в виде различных полезных ископаемых, сравнительно небольшое население, огромную территорию, значительный рост ВВП на душу населения, Казахстан реально мог стать процветающей страной с состоятельными гражданами. Ведь конкурентоспособность человеческого капитала и конкурентоспособность национальной экономики должны находиться в прямо пропорциональной зависимости.

Однако этого не произошло – несостоятельность многих экономических позиций «весомо, грубо, зримо» проявилась в «свободном плавании» в ЕАЭС, в нынешний экономический кризис в условиях санкций и мировой «гибридной войны».

Государственных программ огромное количество, однако большая часть из этих планов громдье осталась лишь на бумаге. Некоторые из них превратились в чисто пропагандистские тренды, в которых «шершавым языком плаката» примеривался и сингапурский, и финский, и канадский и другой опыт. Не говоря о «центрально-

зиатском барсе», который вроде бы должен потеснить «азиатских тигров», но он остался лишь в про-граммах.

Конечно, возникают вопросы: кто пишет «докладные записки», те же планы громадь, кто отслеживает их экономическую целесообразность, прагматизм, окупаемость, соответствие с законами и их практическую реализацию? Немало прорывных проектов после их воплощения в жизнь по разным причинам оказывались нежизнеспособными. Лишь в последнее время на официальном уровне стали говорить о необходимости выполнения принятых госпрограмм.

Казахстан должен полностью раскошиться с олигархической системой, будь то в экономике или в политике, заявил президент страны Касым-Жомарт Токаев. Здесь надо отметить, что президент Токаев «демонтирует» не только родственников и близких людей первого президента. Глава государства идет дальше этого. Чтобы не было «семейного клана» во власти и экономике, К.Токаев законодательно убрал саму возможность nepoтuзma.



## ОСВОБОДИТЬ ГРАЖДАНСКУЮ АКТИВНОСТЬ ЛЮДЕЙ

По словам президента К.Токаева, Казахстану нужны политические преобразования, необходимо было «освободить гражданскую активность людей», но это была «очень большой запрос со стороны общества».

В самом деле, в обществе чуть ли не каждый день рождается множество самых разных идей, интересных проектов – вполне практических, проверенных временем и совершенно новаторских. И по тематике они различные: коммерческие, социальные, экологические, научные, образовательные, благотворительные и т.д.

И нередко для претворения таких проектов в последние годы стали прибегать к «народному финансированию». Иногда такое явление можно наблюдать даже в социальных сетях, например, когда подписчики скидываются какому-нибудь начинающему писателю написать первую книгу, переводчику – перевести всем необходимый материал или режиссеру снять документальный фильм о шанувшей проблеме и т.д.

Некоторые общественные деятели, активисты, блогеры зарабатывают на донатах. Донат – это денежные пожертвования авторам, как благодарности за их старания, добровольный подарок или пожертвование (в виде денег, вещей, услуг или идей) для определенной цели.

В последние годы в Казахстане в ходу английское слово «крауд-

фандинг». С английского термин «краудфандинг» переводится как «народное финансирование». Проекты, которые могут к нему прибегнуть, называются стартапами, их авторов – фаундерами, а людей, помогающих деньгами, – бэкерами или вкладчиками.

Краудфандинг – привлечение денежных средств благотворительными организациями с целью финансирования определенной благотворительной программы с помощью. Краудфандинг – это процесс сбора денежных средств на различные проекты от неопределенного круга лиц через интернет.

Но чаще средства на свою идею фаундеры обычно собирают через специализированных интернет-ресурсов (краудфандинговых платформ), специальных инвестиционных платформ в интернете.

Некоторые проекты предусматривают безвозмездное пожертвование. Обычно краудфандинг используют, когда речь идет о запуске стартапа. Этот метод сбора средств также подходит для благотворительных, образовательных, экологических проектов и интернет-площадок разного спектра, к примеру, онлайн-СМИ. В последние годы авторы проектов активно собирают деньги и на личные цели.

Принципом краудфандинга является прозрачность всех денежных потоков. Инвестор (бэкер) должен понимать, куда и в каком размере ушли его деньги. Взамен он получает либо часть будущей прибыли проекта, либо внесенные средства в полном размере.

Несмотря на новизну такого финансирования, неудачные проекты, юридические недоработки и т.д. краудфандинг как социальное явление распространено у нас. И благодаря «народному финансированию» немало людей находят свою нишу, открывают спортивные секции, мастерскую, осуществляются социальные проекты или открываются приюты для животных.

Для начала в первую очередь к финансированию стартапа стоит привлекать своих друзей и родственников, знакомых, знакомых знакомых, френдов из соцсетей и уже потом всех остальных. И есть большая надежда: за краудфандингом – будущее.

Обратит внимание на потенциал народного финансирования призвал и президент Касым-Жомарт Токаев.



## КРАУДФАНДИНГОВАЯ ПЛОЩАДКА ASARGA.KZ.

Непреложным условием и фундаментальным механизмом устойчивого развития любого современного государства является взаимодействие между властью, обществом и бизнесом.

Сегодня одним из ключевых факторов успешного функционирования гражданского общества является установление партнерских отношений между органами государственной власти, бизнес-структурами и НПО как основными акторами процесса принятия решений, которые при этом обладают разными, но взаимодополняющими возможностями и ресурсами.

Как отмечают эксперты, в идеале такого рода взаимодействие должно быть основано на учете и удовлетворении интересов всех трех сторон, поскольку доминирование интересов одного из них над инте-



ресами других неизбежно приведет к построению неэффективной модели общественного устройства. Не секрет, что баланс интересов возможен лишь при условии взаимной заинтересованности сторон в достижении конечного результата.

Стоит отметить, что в Казахстане усилия по налаживанию постоянного диалога и конструктивного взаимодействия между государством, обществом и бизнесом также являются частью процесса построения гражданского общества и правового, демократического и социального государства. Однако за годы независимости взаимодействие в основном выстраивалось по трекам «государство-бизнес»

и «государство-НПО», а создание системы отношений между всеми субъектами триады началось сравнительно недавно.

Одной из мер, направленных на построение цельной и эффективной модели трехстороннего партнерства стала инициатива по трехстороннему ежегодному форуму «Асар» начиная с 2017 года. Каждый год площадка проводилась в разных регионах и была посвящена актуальным темам взаимодействия, включая вопросы развития местных сообществ.

В ходе эволюции подходов и методов по развитию трехстороннего сотрудничества в текущем году была запущена краудфандинговая платформа ASARGA.KZ. Как отмечают создатели портала, в отличие от аналогичных краудфандинговых площадок, портал asarga.kz не предполагает возможности прямого сбора средств и пожертвования от физических лиц, а нацелен на прямое привлечение инвестиций и спонсорской помощи от бизнеса для реализации совместных социальных проектов.

К слову, за пару месяцев своего существования площадка ASARGA.KZ в той или иной мере способствовала привлечению финансирования порядка для 15 социальных проектов. Суммы профинансированных проектов разные и варьируются от 50 тысяч до 10 миллионов тенге. Как отмечают представители площадки, портал имеет значительный потенциал для развития, но, как правило, не обходится и без трудностей.

«В перспективе, наша краудфандинговая площадка имеет все шансы стать эффективным инструментом в возведении моста между государством, бизнесом и неправительственными организациями. Asarga.kz мы видим как своего рода «супермаркет социальных проектов», где представители бизнес-сообщества легко смогут находить интересные проекты для совместной реализации», – говорит исполнительный директор общественного фонда «SocialDevelopmentCenter» Биржан Казтурганов.

Есть все основания полагать, что портал действительно поможет развитию необходимого для нашего общества модели трехстороннего партнерства, ведь, как сказал Президент страны Касым-Жомарт Токаев в своем Послании: «Нам предстоит глубинная перестройка отношений в триаде «гражданин – бизнес – государство».

2 декабря в интервью агентству «Россия сегодня» посол России в Казахстане своими необдуманными словами о языке доказал, что наш депутатский запрос с требованием исключить пункт 2 статьи 7 из Конституции очень актуален!

Чрезвычайный и Полномочный посол Российской Федерации в Республике Казахстан Алексей Бородавкин заявил: «Каждый казахстанец должен стоять на двух ногах: один государственный язык – казахский, другой русский – официальный язык, который предусмотрен Конституцией Казахстана. Эти две ноги будут шагать как нужно в унисон, я надеюсь».

31-й год своей независимости, – не провинция России!

Именно поэтому 27 апреля этого года впервые за 30 лет независимости, не говоря уже о 70 годах советской империи, мы сделали в парламенте депутатский запрос фракции «Ақ жол» об изменении 7-ой статьи о языках в Конституции с тем, чтобы только казахский язык имел особый статус государственного языка, и принятия закона, обязывающего знать государственный язык.

В этом депутатском запросе мы еще раз предложили сдать экзамен по государственному языку для получения казахстанского гражданства, что давно продвигает «Ақ жол». Что эта проблема ре-

ство прислушивается к Открытому письму с требованием принять Закон о государственном языке, за которым стоят миллионы, – в Справедливом Казахстане отнесется справедливо.

Главная проблема сегодняшнего дня – это проблема государственного языка!

Если не решится судьба языка, не решится судьба страны!

### ТРЕБОВАТЬ ЗНАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО ЯЗЫКА – ОБЯЗАННОСТЬ ГОСУДАРСТВА!

Этот господин Бородавкин без устали вмешивается во внутренние дела независимой

не изменилась по сравнению с той, когда мы были колонией Советской империи, а языковая проблема даже ухудшилась;

2. Что за 30 лет в нашей стране не сделано ничего в плане деколонизации, следования национальной идеологии, приверженности национальным идеалам, что делает каждая освободившаяся от колониального рабства страна мира;

3. Разоблачил стопроцентную ложь нашего правительства на протяжении 30 лет, которое заявляло, что как независимая страна мы делаем все возможное для защиты наших национальных интересов и развития государственного языка.

преимуществом для занятия должностей в правительстве и на государственной службе. Молодые люди, выросшие в нашей стране за 30 лет, не должны обязательно знать язык страны, когда-то колонизировавшей их родину, – русский язык.

Вот тогда мы могли бы гордиться «Мы получили настоящую независимость». Родственными странами, получившими настоящую независимость, являются Узбекистан, Азербайджан, Туркменистан. Такую же независимость получили три страны на берегу Балтийского моря – Литва, Латвия, Эстония, а также Грузия, Армения, Украина. Там все владеют государственным языком и английским языком.

